

Intelligent Controller BO-IC400N

EPSON[®]
EXCEED YOUR VISION

Пайдаланушы нұсқаулығы

Moverio веб-сайты туралы ақпарат

Пайдалы кеңестер мен қолдау көрсету ақпаратын қамтамасыз етеді.

<https://tech.moverio.epson.com/en/>



Гарнитураны пайдалану бойынша сақтық шараларын гарнитурамен бірге берілген Пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз



Кіріспе

Бұл өнім EPSON смарт көзілдірігі MOVERIO сериялы гарнитурасына қосатын және ақпаратты көрсету және бөлісу үшін қолданбаны пайдаланатын контроллер болып табылады.

MOVERIO сериясында нақты қоршаған ортадағы кескіндерді қабаттастыратын AR (Augmented Reality) көмегімен жеке әлеміңізді жасау мүмкіндігін беретін мөлдір линзалар бар.



Бұл өнімді пайдаланбас бұрын жүйе бағдарламалық құралының жаңартылғанына көз жеткізіңіз.

→ **"Жүйенің жаңартулары" 36бет**

Мазмұны

Кіріспе	2	Bluetooth параметрлері	24
Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар	5	SD картасын енгізу	26
Өнім ескертулері мен сақтық шаралары	5	Гарнитураны қосу	27
Гарнитураны пайдалану кезіндегі ескертулер мен сақтық шаралары	12	Режимдерді ауыстыру	28
Пайдалану туралы ескертпелер	14	Режим түрлері	29
Бірге берілген заттар	15	Сенсорлық тақтаны басқару	30
Бөлшек атаулары	16	MOVERIO Link Pro қолданбасымен таныстыру	31
Алдыңғы жағы	16	Бастапқы іске қосу параметрлері	33
Артқы жағы	17	MOVERIO Link Pro іске қосу	34
Бүйірі	18	Қолданбаларды орнату	35
Зарядталуда	19	Жүйенің жаңартулары	36
Жарық диодты индикатор күйі	20	Қолдау көрсету туралы ақпарат	36
Қосу және өшіру	21	Техникалық қызмет көрсету	37
Қосу	21	Ақаулықтарды жою	38
Өшіру	21	Сипаттамалар	40
Тілді, күні және уақытын және пернетақтаны орнату	22	Өнім сипаттамалары	40
Тілді орнату	22	USB Type-C қосқышы мүмкіндіктері	42
Күні және уақытын орнату	23	Интеллектуалдық меншік құқықтары	43
Пернетақтаны орнату	23	Жалпы ескертпелер	45
Wi-Fi/Bluetooth® орнату	24	Қауіпсіздік таңбаларының тізімі және нұсқаулар	48
Wi-Fi параметрлері	24	Ерson проекторының контактілер тізімі	50

Нұсқаулықты ұйымдастыру

Пайдаланушы нұсқаулығы

Бұл нұсқаулық осы өнімге қатысты қауіпсіздікті, негізгі жұмыс әдістерін және ақаулықты жою туралы ақпаратты ұсынады. Өнімді қолданбас бұрын осы нұсқаулықты оқып шығыңыз.

Іске қосу нұсқаулығы


Осы өнімді алғаш рет пайдалану бойынша процедуралар түсіндіріледі.

Осы нұсқаулықта қолданылатын таңбалар

■ Қауіпсіздік таңбасы



Бұл таңба ақпаратын ескермеген жағдайда өнімнің дұрыс пайдаланылмауына байланысты ауыр жеке жарақатына, тіпті, адам өліміне себеп болады.



Бұл таңба ақпаратын ескермеген жағдайда өнімнің дұрыс пайдаланылмауына байланысты ауыр жеке жарақатына немесе физикалық зақымға себеп болады.

■ Жалпы ақпараттық таңбалар



Мұқият болмаған жағдайда, өнімнің зақымдалуына немесе адамның жарақаттануына себеп болатын процедураларды білдіреді.



Экранда көрсетілетін белгішелер мен мәзір элементтерін және өнімдегі перне атауларын көрсетеді.



Тақырып туралы пайдалы қосымша ақпарат пен пункттерді білдіреді.



Байланысы ба тақырып сілтемесін білдіреді.

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар

Жеке қауіпсіздігіңіз үшін өнімді дұрыс қолдану мақсатында қосымша құжаттарды мұқият оқып шығыңыз. Құжаттарды оқып болған соң, кейінірек қайта қарау үшін қауіпсіз жерге сақтап қойыңыз.

Өнім ескертулері мен сақтық шаралары

Ескерту **Зарядтау бойынша сақтық шаралары**

Зарядтау кезінде қоғамдық қауіпсіздік стандарттарының куәландыруынан өткен және осы өнімнің қажетті сипаттамаларына сәйкес келетін сатып алуға болатын USB қуат адаптерін пайдаланыңыз.

Зарядтау кезінде, берілген USB кабелін немесе ресми куәландырылған USB кабелін пайдаланыңыз. Ресми түрде куәландырылмаған кабельді пайдалану қызып кетуге, өртке, жарылысқа, ақаулыққа немесе сұйықтықтың ағуына себеп болуы мүмкін.

Өнім немесе кабель ылғал болса, зарядтамаңыз.

Ваннада немесе душ сияқты су тиетін немесе ылғалдану деңгейі жоғары жерлерде зарядтамаңыз.

Бұл өнім ылғал болғаннан кейін зарядтау қажет болса, өнімдегі суды құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз және содан кейін USB кабелін жалғаудан бұрын қалыпты жағдайда кептіріңіз.

Ескерту **Пайдалану ортасы және сақтық шаралары**

Өнімді терезелері жабық автокөлікте, тікелей күн сәулесі немесе салқындатқыштың алдында, ауа жылытқыштары немесе ыстық үстелдер не фудондардың асты сияқты көрсетілген жұмыс ауқымынан тыс температурадағы орындарда немесе тез ысытын орындарда қалдырмаңыз. Сонымен қатар, температурасы кенет өзгеретін орындарда қалдырмаңыз. Бұл өртке, апатқа, жаңылыққа немесе ақаулыққа себеп болуы мүмкін.

Өнімді сыртта, ваннада немесе душ сияқты су тиетін немесе ылғалдану деңгейі жоғары жерлерде пайдаланбаңыз. Кері жағдайда ол өртке немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.

Бұл өнімді асуй немесе ылғалдатқыштардың қасы сияқты түтін, бу, жоғары ылғалдылық немесе шаң тиетін орындарға қоймаңыз. Кері жағдайда ол өртке немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.

Заңдар мен нормативтік актілер көлік, мотоцикл жүргізу немесе велосипед тебу кезінде өнім дисплейін немесе қосылған гарнитураның экранын көруге тыйым салады.

Ескерту **Өнімді қолдануға қатысты сақтық шаралары**

Бөгде ток өткізгіш нәрселерді USB Type-C қосқышына, microSD карта ұяшығына немесе құлаққап ұяшығына тигізбеңіз және кез келген бөгде ток өткізгіш нысандарды жалғау порттарына салмаңыз. Ол қысқа тұйықталуға себеп болып, өрт шығуы немесе электр тогының соғуы мүмкін.

Зақымдалған USB кабелін пайдаланбаңыз. Бұл сақтық шараларына құлақ аспау өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болады.

Өнімге қатты қысым жасамаңыз немесе оны зақымдап алмаңыз.

Құрылғыны соғып немесе қысып алмаңыз, әсіресе өнімді қорабында тасымалдау кезінде. Әйтпесе сенсорлы панель дисплейінің, камера әйнегінің немесе кіріктірілген батареяның зақымдалуы себебінен өрте, күйікке немесе жарақатқа себеп болуы мүмкін.

Камера объективін тікелей күн сәулесіне ұзақ уақытқа қоймаңыз. Бұл объективтен сәуленің топтасуы себебінен өрттің шығуына немесе жарылуға себеп болуы мүмкін.



- Өнімді жоғарғы дыбыс деңгейінде пайдаланбаңыз. Кенет қатты шу есту қабілетінің нашарлауына себеп болуы мүмкін. Өнімді өшірмес бұрын дыбыс деңгейін төмендетіңіз және өнімді қосқаннан кейін дыбыс деңгейін ақырын көтеріңіз.
 - Ұсынылған деңгейден асатын қатты дыбыстарды ұзақ уақыт тыңдау үшін Moverio Link/Moverio Link Pro гарнитурасының динамик дыбысын күшейту функциясын пайдалансаңыз, есту қабілетіңіз нашарлауы мүмкін.
-

Бұл өнімді тазалау кезінде, ылғал шүберекті немесе спирт, бензин немесе сұйылтқыш сияқты ерітінділерді пайдаланбаңыз. Сонымен қатар өнімнің сенсорлы панель дисплейіне немесе полимер қабатына спирт, сұйылтқыш

немесе басқа органикалық ерітінді қолданбаңыз. Әйтпесе электр тогының соғуына немесе ақаулыққа себеп болуы мүмкін.

Пайдаланушы нұсқаулығында нақты көрсетілмесе, өнімді тек білікті қызмет көрсету маманы ашуы керек. Сонымен қатар өнімді (тұтынылатын заттарды қоса) бөлшектемеңіз немесе қайта құрастырмаңыз. Өнімнің ішіндегі көптеген бөлшектер жоғары кернеуге ие және өртке, электр тогының соғуына, апатқа немесе улануға себеп болуы мүмкін.

Көзіңізге жарық диодтан шығатын жарық немесе сәулеленген жарықтың түсуіне жол бермеңіз. Әсіресе жарықты балалардан алшақ ұстаңыз. Әйтпесе көру қабілетінің нашарлауына себеп болуы мүмкін. Сонымен қатар қатты жарықпен көздің шағылуы жарақат алуға себеп болуы мүмкін.

Бұл өнімді немесе USB Type-C қосышын ылғал қолмен ұстамаңыз. Әйтпесе ол өртке, күйге, электр тогының соғуына және т.б. Себеп болуы мүмкін.

Барлық қосқыштарды енгізу/алу кезінде келесілерді ескеріңіз.

- Кабельдерден тарту сияқты қатты күш қолданбаңыз
- Қосқыш портына тікелей салыңыз/шығарып алыңыз

Толымсыз немесе қате қосу өртке, күйге, электр тогының соғуына және т.б. Себеп болуы мүмкін.

USB Type-C қосқышына жалғау үшін, өніммен бірге берілген USB кабелін немесе USB сертификаттаған өнімін пайдаланыңыз. USB сертификаттамаған кабельді пайдалану қате сым себебінен өртке, күйге, электр тогының соғуына немесе өнімнің зақымдалуына себеп болуы мүмкін.

Жеке қауіпсіздігіңіз үшін USB Type-C қосқышын пайдаланған кезде, сатып алуға болатын түрлендіру адаптерін немесе ұзартқыш кабельді пайдаланбаңыз.

Сенсорлы панель дисплейін ор қатты баспаңыз немесе оны үшкір заттармен басқармаңыз. Панельге сызат түссе, ол ақаулыққа немесе зақымға себеп болуы мүмкін.

Келесі жағдайларда сенсорлы панель дисплейі оны түртсеңіз де жұмыс істемеуі мүмкін. Бұл әрекеттер де ақаулыққа себеп болуы мүмкін.

- Қолғап киіп жұмыс істеу.
- Саусақтарыңыз терлегенде немесе су тигенде жұмыс істеу.
- Сенсорлы панель дисплейіне су тигенде жұмыс істеу. Суда жұмыс істеу.

- Қорғағыш парақ немесе жапсырма бекітілгенде жұмыс істеу.
- Жұмыс бетінде бөгде зат болғанда жұмыс істеу.

Өнімді отқа тастамаңыз және ысытпаңыз. Шам сияқты тұтанғыш заттарды осы өнімге жақын қоймаңыз. Бұл қызып кетуге, өртке немесе жарылысқа себеп болуы мүмкін.

Ескерту

Өнімді пайдалану бойынша ерекше сақтық шаралары

Келесі жағдайларда қуатты дереу өшіріңіз (өнім зарядталып жатса, зарядтауды тоқтату үшін USB кабелін ажыратыңыз) және жергілікті дилеріңізге немесе Epson қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Жұмысты осы жағдайларда жалғастыру өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болады. Өнімді өз бетіңізбен жөндеуге әрекеттенбеңіз.

- Түтін шыққанын көрсеңіз немесе бір түрлі иіс сезіп, дауыс естісеңіз,
- Өнімге су, сусын немесе өзге заттар кіріп кетсе.
- Өнім құлап, корпус зақымдалса.

- Сенсорлы панель дисплейі немесе камера әйнегі зақымдалған жағдайда

Өнім немесе кабель зақымдалған болса, өнімді пайдалануды тоқтатыңыз. Кері жағдайда ол өртке немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.



Ескерту

Сымсыз байланысты қолдану кезіндегі сақтық шаралары

Ұшақ немесе аурухана секілді электромагниттік толқындарды қолдану тыйым салынған орындарда өнімді алып жүргенде, сол жердің нұсқаулықтары бойынша әрекет етіңіз және өнімді өшіріңіз немесе Bluetooth, сымсыз LAN функциясын өшіріңіз. Автоматты есіктер немесе өрт дабылдары сияқты автоматты түрде басқарылатын құрылғылардың жанында Bluetooth немесе сымсыз LAN функциясын пайдаланбаңыз. Электромагниттік толқындар медициналық құрылғылардың электромагниттік кедергісіне немесе құрылғының дұрыс жұмыс істемеуіне себеп болуы мүмкін.

Медициналық ғимараттарда Bluetooth немесе сымсыз LAN функциясын пайдаланғанда төмендегі пункттерді ескеріңіз.

- Бұл өнімді ота жасау бөлмесіне, қарқынды терапия бөліміне (ICUs) немесе кардиологиялық терапия бөліміне (CCUs) алып кірмеңіз.
- Аурухана палатасында өнімді өшіріп, электромагниттік толқындарды тоқтатыңыз.
- Палатада болмасаңыз да, аймақта электрондық медициналық жабдық бар болған жағдайда бұл өнімді өшіріңіз немесе электромагниттік толқындарды тоқтатыңыз.
- Электромагниттік толқын шығаратын құрылғыларды қолдануға тыйым салынған немесе бндай құрылғыларды алып кіруге тыйым салынған медициналық ғимараттар тарапынан орнатылған кез келген ереже бойынша әрекет етіңіз.
- Өнімде қуатты автоматты түрде қосу функциясы бар болса, өнімді сөндіруден бұрын оны өшіріңіз.

Имплантталған кардиостимуляторыңыз немесе дефибрилляторыңыз болса, Bluetooth немесе сымсыз LAN функциясын пайдаланған кезде осы өнім мен имплантталған құрылғының арасы кемінде 22 см (8,7 дюйм) болуы керек. Электромагниттік толқындар имплантталған кардиостимуляторлардың немесе дефибрилляторлардың жұмысына әсер етуі мүмкін.

Кардиостимуляторы бар адам болуы мүмкін болған адамдарға толы пойыз сияқты орындарда болсаңыз, өнімді өшіріп, электромагниттік толқындарды тоқтатыңыз.

Өнімнің сымсыз LAN (WLAN) функциясы немесе Bluetooth функциясы арқылы байланысу кезінде, қауіпсіздік функциясының параметрлеріне байланысты ақпарат жайылып кетуі немесе деректердің рұқсатсыз пайдаланылуына себеп болуы мүмкін. Пайдаланушы қауіпсіздік функцияларын өңдеуге жауапты екенін ескеріңіз.

Epson компаниясы өнімнің сымсыз LAN (WLAN) функциясын немесе Bluetooth функциясын пайдалану арқылы байланысу кезіндегі деректердің жайылуы үшін жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

Сақ болыңыз **Пайдалану ортасы және сақтық шаралары**

Келесі орындарда пайдаланбаңыз.

- Ысытқыштардың жаны сияқты қызатын орындар
- Дірілдейтін немесе соққы тиетін орындар

Өнімді температурасы тым жоғары немесе тым төмен болатын орындарда пайдаланбаңыз немесе сақтамаңыз.

Сонымен қатар, температурасы кенет өзгеретін орындарда қалдырмаңыз.

Әйтпесе өнім дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Өнімді жоғары кернеулі желілер немесе магниттелген заттардың жанына қоймаңыз. Әйтпесе өнім дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Техникалық қызмет көрсету кезінде өнімді өшіріп, барлық кабельдерді ажыратыңыз. Әйтпесе, электр тогының соғуы мүмкін.

Белгіленген уақыт аралығында батарея зарядталып бітпесе, зарядтауды тоқтатыңыз. Зарядтауды әрі қарай жалғастыру сұйықтықтың ағуына, ысып кетуіне, жарылуына немесе өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.

Сақ болыңыз **Өнімді қолдануға қатысты сақтық шаралары**

Ұзақ пайдалану немесе зарядтау барысында өнім қызып кетуі мүмкіндігін ескеріңіз. Сонымен қатар өнімді тереңізге ұзақ уақыт тиіп тұруына жол бермеңіз, тіпті өнімді киген кезде де, себебі бұл төмен температурада күйге себеп болуы мүмкін.

Пайданушы қолданбаны орнатқанда немесе веб-

сайтқа кіргенде осы құрылғы компьютерлер сияқты тұрақсыз болуы мүмкін немесе құрылғыға тіркелген пайдаланушының орналасқан жері туралы ақпарат немесе жеке ақпараты сияқты құпия деректер зиянды үшінші тараптар арқылы заңсыз түрде интернетке таратылуы мүмкін. Сондықтан пайдаланатын қолданбаның немесе сайттың әсірлеушісін, сондай-ақ оны пайдаланудан бұрын өңдеу күйін тексеріңіз.

Жыпылықтаған экранға ұзақ уақыт қарамаңыз. Әйтпесе тырыспа немесе естен тану жағдайы орын алуы мүмкін.

Өнімді лақтырмаңыз немесе шамадан тыс күш қолданбаңыз. Құлап қалу сияқты жағдайлардан өнім бұзылатын болса, өнімді ары қарай пайдаланбаңыз. Бұл өнімді пайдалануды жалғастыру сенсорлы панель дисплейінен немесе камерадан бөлінген шыны бөлігінен жарақаттануға себеп болуы мүмкін.

microSD картасын орнату немесе алу кезінде, SD картасы ұясының істігінің ұшын абайлап ұстаңыз. SD картасы ұясының істігі ұшына тию жарақатқа себеп болуы мүмкін.

Бұл өнім тек нұсқаулықта көрсетілген мақсатта ғана қолданылуы қажет. Оны басқа мақсатта пайдалану жарақатқа себеп болуы мүмкін.

Тіркелген деректеріңіздің (құжаттар, бейнелер, кескіндер, музыка және т.б.) сақтық көшірмесін microSD картасы немесе компьютер сияқты сыртқы жад тасымалдағышына жүйелі түрде сақтап отырыңыз.

Epson компаниясы өнімнің ақаулығы, оны жөндеу немесе басқа пайдалану жағдайлары себебінен орын алатын деректердің жойылуына, деректердің зақымдалуына немесе пайданың жоғалуына жауапты болмайды.

Кіріктірілген батарея шығын материалы болғандықтан, кепілдік бойынша қамтылмаған. Батареяңыз толық зарядталғаннан кейін де, өнімді тек қысқа уақытқа пайдалана алатын болсаңыз, онда кіріктірілген батареяны ауыстыру керек.

Кіріктірілген батареяны ауыстыру кезінде, жергілікті дилерге немесе осы нұсқаулықтың соңында көрсетілген жөндеу орталығына хабарласыңыз.



Пайдаланылған литий-ион батареяларын қайта өңдеуіңізге болады. Бұл өнімнің кіріктірілген батареясын қайта өңдеу туралы ақпаратты алу үшін, осы нұсқаулықтың соңындағы "Epson проекторының контактілер тізімі" бөлімінде көрсетілген дилерге хабарласыңыз.

Бұл өнімді қайта өңдеу немесе утилизациялау кезінде, жергілікті заң мен реттеулерге сәйкес орындаңыз.

Сақ болыңыз **Су өткізбеу сақтық шаралары**

Өнімнің су өткізбеу мүмкіндігі барлық жағдайлардағы зақымдарға немесе ақауларға қарсы қорғаныспен қамтамасыз етпейді. Өнімнің пайдаланушы тарапынан қате пайдаланылуы себебінен жаңылыстар орын алса, кепілдік жарамсыз болады.

USB Type-C қосқышы (қақпағымен) мен microSD карта ұясы қақпағын бекем жабыңыз. Шаштар немесе құм түйірі сияқты қоқыстың өте кішкентай бөлшектері өнімге кіріп кетсе, су өткізбеу өнімділігі нашарлайтын болады.

Сасқа сұйықтықтарды (органикалық ерітінділер, сабын суы, ыстық минерал суы және теңіз суы сияқты) өнімге бүрікпеңіз.

Өнімді ванна сияқты ылғалды орындарда қалдырмаңыз.

Өнімге жаңбыр немесе су шашыраса, оны мүмкіндігінше тезірек құрғақ шүберекпен сүртіңіз.

Гарнитураны пайдалану кезіндегі ескертулер мен сақтық шаралары

Ескерту **Өнімді қолдануға қатысты сақтық шаралары**

<Медицинада қолдану>

- 1) Бұл өнім мен гарнитура медициналық аспаптар және медициналық жабдықтар актілері сияқты заңдар бойынша медициналық жабдық ретінде сертификатталмаған.
- 2) Бұл өнім және гарнитура медициналық стандарттарға сәйкес келмейді.

Ескерту **Кескіннің сақтық шараларын көрсету**

Көлік жүргізгенде, мотоцикл немесе велосипед жүргізгенде немесе басқа да қауіпті тапсырмаларды орындағанда өнімді тақпаңыз. Ол оқыс оқиғаның орын

алуына немесе жарақаттануға себеп болуы мүмкін.

Бұл өнімді баспалдақ немесе биіктік сияқты тұрақсыз орындарда пайдаланбаңыз. Сонымен қатар өнімді көп қозғалыстағы аппараттар бар білдек жабдықтарының жаны немесе қараңғы жерлер сияқты қауіпті орындарда пайдаланбаңыз. Ол оқыс оқиғаның орын алуына немесе жарақаттануға себеп болуы мүмкін.

Сақ болыңыз **Өнімді қолдануға қатысты сақтық шаралары**

Гарнитураның USB Type-C қосқышын қосу/ажырату кезінде, оны ылғал қолмен ұстамаңыз немесе оған су не шаң тигізбеңіз.

Гарнитура Si-OLED дисплей панелін (органикалық EL панелі) пайдаланады. Si-OLED сипаттамалары себебінен панелде босаңдау (қалдық кескін) немесе жарықтық деңгейінің төмендеуі байқалуы мүмкін. Бұл ақаулық емес.

Босаңдауды (қалдық кескіндер) азайту немесе жарықтық деңгейін төмендету әдістері

- Гарнитура дисплей пайдаланылмайтын кезде, оны өшіріп қойыңыз.

Алдын ала орнатылған "MOVERIO Link Pro" қолданбасында Қуат үнемдеу параметрін іске қосу арқылы кіріктірілген датчиктер гарнитураның пайдаланылмайтын уақытын анықтап, дисплейді автоматты түрде өшіреді.

- Бір кескінді ұзақ уақыт көрсетпеңіз.
- Әрқашан бір орында көрсетілетін белгілерді немесе мәтінді жасырыңыз.
- Дисплей жарықтығын азайтыңыз.
- Дисплейдің жарықтық деңгейін керегінен арттырмаңыз.

Пайдалану туралы ескертпелер

Осы өнімді қоғамдық орындарда пайдаланған кезде басқа адамдарға назар аударыңыз.

Өнімді пайдаланбасаңыз да, батареяны жылына кемінде бір рет зарядтап отырыңыз. Өнімді ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, батареяның өнімділігі нашарлауы немесе батарея зарядталмауы мүмкін.

Бұл өнімге арналған жүйе бағдарламалық жасақтамасы сапаны арттыру және жаңа мүмкіндіктер қосу үшін жаңартылуы мүмкін. Бұл жағдай орын алғанда, басқару әдістері өзгеруі мүмкін; сондықтан қосылған функциялары мен басқару әдістеріндегі өзгерістеріне қатысты ең соңғы ақпаратты алу үшін қақпағында берілген веб-сайтқа кіріп көріңіз.

Сонымен қатар жүйе бағдарламалық жасақтамасының ескі нұсқасында қолданылған қолданбалар жарамсыз болуы немесе алдын ала қарастырылмаған мәселелердің орын алуына себеп болуы мүмкін.

Epson компаниясы пайдаланушы тарапынан орнатылған қолданбаларды пайдаланудан орын алатын мәселелер үшін жауапты емес.

Құрылғыны пайдаланудан бұрын оның жұмыс күйін тексеріңіз.

Бірге берілген заттар



BO-IC400N

➔ "Бөлшек атаулары"
16бет



USB кабелі

➔ "Зарядталуда" 19бет



SD картасы ұясының істігі

➔ "SD картасын енгізу"
26бет

Бөлшек атаулары

Алдыңғы жағы

Қабылдағыш/Динамик

Дыбыс шығарады.

Жақындық/Қоршаған орта шамы датчигі

Адам бет-жүздері құрылғыға жақындағанда немесе қоршаған орта жарықтығын анықтайды. Бұл бөлікті матамен немесе жапсырмамен жаппаңыз.

◀ АРТҚА пернесі

Алдыңғы экранды көрсетеді.

○ БАСТЫ БЕТ пернесі

Басты бет экранын көрсетеді.

□ Соңғы пернесі

Жақында қолданылған қолданбаларды көрсетеді.



Жарық диодының индикаторы

Өнімнің күйін білдіреді.

→ "Жарық диодты индикатор күйі" 20бет

Сенсорлы панель дисплейі

Саусақтарыңызды тигізу арқылы өнімді басқарыңыз.

Режимдерді ауыстырғанда, бұл сенсорлық тақта және т.б. қызметтерді атқарады.

→ "Сенсорлық тақтаны басқару" 30бет

Таратқыш/Микрофон

Дауыстық дыбыстарды қабылдайды.

Артқы жағы

Жарық диодты индикатор

Камераны пайдалану кезінде бұл жарқыл ретінде немесе Жарық диодты индикатор ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Микрофон

Бұны қоңырау шалу немесе динамикті микрофонды пайдалану кезінде пайдаланыңыз. Пайдалану кезінде микрофонды жаппаңыз.

Бау бекіту орны

Бауды пайдалану кезінде, оны осы бөліктен өткізіңіз.

Камера

Фотосуреттер немесе бейнелер түсіреді.

Динамик

Дыбыс шығарады.

Бұл порт пайдаланылмайды.



Бүйірі

🔌 Қуат түймесі

Қуатты қосады не өшіреді.

➔ "Қосу және өшіру" 21бет

🔑 Қосқыш пернесі

Режимді ауыстырады.

➔ "Режимдерді ауыстыру" 28бет

Пернетақтаны құлыптау мүмкіндігін іске қосу үшін, осы пернені басып тұрыңыз. Пернетақтаны құлыптау мүмкіндігін өшіру үшін, оны қайта басып тұрыңыз.

🎧 Құлаққап ұяшығы

Сатып алуға болатын тыңдау құралының микрофондарын жалғауға болады. СТИА стандартына сәйкес келетін құлаққап микрофондарын пайдаланыңыз.

🔊 Дыбыс деңгейі пернелері

Дыбыс деңгейін баптайды.

🔌 USB Type-C қосқышы (қақпағы бар)

Бұл USB 2.0 қолдау көрсетіп, тінтуір не пернетақта сияқты USB сыртқы құрылғыларын жалғау және зарядтау мүмкіндігін береді.

➔ "Зарядталуда" 19бет

➔ "USB Type-C қосқышы мүмкіндіктері" 42бет

📁 microSD картасы ұясы

Сатып алуға болатын microSD картасын салыңыз.

➔ "SD картасын енгізу" 26бет

🔑 Ұя істігін енгізу саңылауы

microSD картасы ұясын ашу үшін, SD картасы ұясының істігін осы жерге енгізіңіз.

🔌 USB Type-C қосқышы (гарнитура қосылымдары үшін)

Гарнитураға арналған USB Type-C кабелін жалғайды. Бұл USB 2.0/USB 3.0 қолдап, деректерді тасымалдау және құрылғыларды зарядтау мүмкіндігін береді.

➔ "Зарядталуда" 19бет

➔ "USB Type-C қосқышы мүмкіндіктері" 42бет

Зарядталуда

Қамтылған USB кабелін сатып алуға болатын қолжетімді USB қуат адаптеріне жалғау арқылы батареяны зарядтаңыз.

Келесі жағдайларда зарядтау шамамен 3 сағатты алады.

- Зарядтау үшін құрылғыны өшіріңіз
- Зарядтау үшін USB Type-C қосқышына (гарнитура қосылымдары үшін) жалғаңыз
- 5 В/2 А шығысына ие USB қуат адаптерін пайдалану

1 Құрылғыны USB қуат адаптеріне жалғаңыз.

Құрылғыны берілген USB кабелінің көмегімен USB қуат адаптеріне жалғаңыз.


Зарядтау сыйымдылығы қосылатын қосқышқа байланысты әртүрлі болады.

- USB Type-C қосқышы (гарнитура қосылымдары үшін): 1,5 А дейін (қосылған қуат адаптеріне байланысты)
- USB Type-C қосқышы (қақпағы бар): Ең көбі 0,5 А

2 USB қуат адаптерін жалғаңыз.

Жарық диод индикаторы іске қосылады.

Батарея заряды толық отырған болса, Жарық диодының индикаторы зарядтауды бастамайынша жанбайды. Кемінде 30 минут зарядтап, USB кабелін қайта жалғаңыз.







ҚЖ (қуат жеткізу) функциясын қолдайтын сатып алуға болатын USB Type-C кабелі мен USB Type-C қуат адаптерін пайдалану арқылы зарядтау уақытын азайтуға болады.

Жарық диодты индикатор күйі

Бұл түстерді және жарық диодтың жанған күйін пайдалану арқылы өнім күйін көрсетеді.

(Жарық диодты индикатор қалған батарея зарядының мөлшері туралы болжалды түсінік береді.)

: Жыпылықтау : Жанып тұр : Өшірулі

Индикатор	Күйі	Батареяны зарядтау күйі
	Жұмыс істеп тұр	10% немесе одан көп
 (қызыл)	Жұмыс істеп тұр	10%-дан кем
 (жасыл)	Зарядталуда	90% немесе одан көп
 (сары)	Зарядталуда	10 - 89%
 (қызыл)	Зарядталуда	10%-дан кем

Қосу және өшіру

Қосу

Сатып алған уақытта өнім толықтай зарядталып тұрмайды.

Қолданбас бұрын зарядтаңыз.

➔ "Зарядталуда" 19бет

- 1 **Қуат түймесін кемінде екі секунд басып тұрыңыз.**




Өнім қосұлы болғанда экранды өшіру (Ұйқы режимі)

Ұйқы режиміне кіру үшін, Қуат түймесін басып жіберіңіз. Өнімді Ұйқы режимінен ояту үшін қуат түймесін басып дереу жіберіңіз.

Өшіру

- 1 **Қуат түймесін кемінде екі секунд басып тұрыңыз.**



Экранның оң жағында көрсетілген мәзірден  таңдаңыз.


Өшеді.

- ! Тұрақты жұмыс істемесе, қуат түймесін кемінде 12 секунд басып тұру арқылы құрылғыны қайта іске қосуға болады.
- Тұрақты жұмыс істемесе, құрылғыны күштеп қайта іске қоспаңыз. Сақталған деректер мен параметрлер жоғалуы мүмкін.

Тілді орнату

Пайдаланғыңыз келетін тілді орнатыңыз. Өнімді әдепкі ағылшын тілінде пайдалануды қаласаңыз, келесі әрекеттерді орындаудың қажеті жоқ.

- 1 APPS тізімі экранында [⚙️] түртіңіз.
- 2 [System] - [Languages & input] тармағын таңдаңыз.
- 3 [Languages] бөлімін таңдаңыз.
- 4 [+ Add a language] опциясын таңдаңыз.
- 5 Пайдаланғыңыз келетін тілді таңдаңыз.
- 6 [Languages] экранында [=] пайдаланғыңыз келетін тілдің оң жағына сүйреп апарыңыз да, оны үстіне жылжытыңыз.



Күні және уақытын орнату

Аймаққа байланысты күні мен уақытын орнатыңыз.

- 1 **APPS тізімі экранында [⚙] түртіңіз.**
- 2 **[Жүйе] - [Күн және уақыт] тармағын таңдаңыз.**
- 3 **[Желі уақытын пайдалану] функциясын іске қосыңыз.**
- 4 **[Уақыт белдеуі] опциясындағы аймағыңызды орнатыңыз.**



Интернетке қосылмаған болсаңыз, [Желі уақытын пайдалану] функциясын өшіріп, [Күн] және [уақыт] параметрлерін қолмен орнатыңыз.

Пернетақтаны орнату

Пайдаланғыңыз келетін пернетақтаны орнатыңыз. Android пернетақтасын немесе iWnn IME таңдауыңызға болады.

- 1 **APPS тізімі экранында [⚙] түртіңіз.**
- 2 **[Жүйе] - [Тілер және енгізу] тармағын таңдаңыз.**
- 3 **[Виртуалды пернетақта] опциясын таңдаңыз.**
- 4 **[Android пернетақтасы] немесе [iWnn IME] опциясын таңдаңыз.**
- 5 **Тілді және т.б. орнатыңыз.**

Wi-Fi параметрлері

Wi-Fi байланысын өнім интернетке сымсыз желі арқылы қосылатындай орнатыңыз.

Орнатпас бұрын төмендегілерді тексеріңіз.

- Қосылғыңыз келген сымсыз LAN кіру нүктесіне немесе қоғамдық сымсыз LAN қызметіне арналған SSID (желінің аты).
- Қауіпсіздік функциясы іске қосылған болса, желіге қосуға арналған құпия сөз бен қауіпсіздік жүйесі.

1 APPS тізімі экранында [] түртіңіз.

2 [Желі және интернет] - [Wi-Fi] тармағын таңдап, содан кейін [Wi-Fi] параметрін қосуды күйіне орнатыңыз.

Қолжетімді SSIDs (желі аттары) көрсетіледі.

3 Қосылу керек болған SSID (желі атауы) желісін таңдап, [Құпия сөз] енгізіңіз және [ЖАЛҒАУ] түймесін түртіңіз.

Bluetooth параметрлері

Bluetooth параметрлерінде өнімді Bluetooth құрылғысы іске қосылған құрылғыларға қосылу мүмкіндігін таңдауға болады.

Орнатпас бұрын төмендегілерді тексеріңіз.

- Bluetooth құрылғысы жұптастыру режимінде болуы керек (жұптастыру туралы қосымша ақпарат алу үшін, Bluetooth құрылғысымен бірге берілген пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
- Bluetooth құрылғысы құрылғы тарапынан қолдау көрсетілетін профильдерді қолдайды.

➔ "Өнім сипаттамалары" 40бет

1 APPS тізімі экранында [] түртіңіз.

2 [Байланысқан құрылғылар] > [Жаңа құрылғымен жұптастыру] тармағын таңдаңыз.

Қолжетімді құрылғылар көрсетіледі.

3 Қосылғыңыз келген құрылғыны таңдаңыз және жұптастырыңыз.





Қосылатын құрылғыға байланысты орнатылған жұптастыру кодын енгізу қажет болуы мүмкін.

SD картасын енгізу


Келесі SD карталары құрылғы тарапынан қолдау көрсетілген.

- microSD карталары (кемінде 2 ГБ)
 - microSDHC карталары (ең көбі 32 ГБ)
 - microSDXC карталары (ең көбі 2 ТБ)
- * SD картасы осы өнімге қоса берілмейді.


Басқа құрылғыларда пішімделген SD карталарын пайдалана алмауыңыз мүмкін. Картаны пішімдеу үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз. SD картасындағы барлық деректер картаны пішімде кезінде жойылатынын ескеріңіз.

- 1 APPS тізімі экранында [] түртіңіз.
- 2 [Жад] опциясын таңдап, [Портативті жад] бөлімінен [SD картасы] опциясын таңдаңыз.
- 3 [SD картасы] экранының жоғарғы оң жағындағы [] түймесін түртіп, содан кейін [Жад параметрлері] бөлімін таңдаңыз.
- 4 SD картасын пішімдеу үшін, [Пішімдеу] немесе [Ішкі ретінде пішімдеу] опциясын таңдаңыз.


- 1 microSD картасы ұясының қақпағын ашу үшін, SD картасы ұясының істігін ұя істігін енгізу саңылауына енгізіңіз.



- 2 microSD картасын енгізіңіз.




- 3 microSD картасы ұясының қақпағын жабыңыз.



Гарнитураны қосу

Гарнитура кабелін құрылғыдағы USB Type-C қосқышына (гарнитура қосылымдарына арналған) жалғаңыз. Қосқыш пернесін басу арқылы гарнитура кескіні мен құрылғы экранының дисплейі тіркесімін өзгерте аласыз.

➔ "Режимдерді ауыстыру" 28бет




- Гарнитураны кию туралы ақпаратты гарнитурамен бірге берілген Пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Гарнитураға кіріктірілген датчикті/камераны пайдалану үшін, үйлесімді қолданба қажет болады.

* Пайдаланылатын жүйе бағдарламалық жасақтамасына байланысты қолдау көрсетілетін мүмкіндіктер өзгеруі мүмкін. Жүйе бағдарламалық жасақтамасының ең соңғы нұсқасы қолдайтын мүмкіндіктерді келесі веб-сайттан қараңыз.
<https://tech.moverio.epson.com/en/>

Режимдерді ауыстыру

Бұл құрылғыда екі режим бар және құрылғының сол жағындағы Қосқыш пернесін екі рет басу арқылы осы режимдер арасында ауыстыруға болады.

Сенсорлық тақта режимінде сенсорлы панель дисплейлін сенсорлық тақта ретінде пайдалануға болады.




<Ауыстыру мысалы>



- * Режимдерді ауыстырудан кейін пайдаланғыңыз келетін қолданбаны іске қосыңыз.
- * Сенсорлық тақта режимінде режимдерді ауыстырмаңыз немесе қолданбаны пайдалану кезінде гарнитураны қоспаңыз/алмаңыз. Қолданбаны пайдалану кезінде режимдерді ауыстырсаңыз немесе гарнитураны қоссаңыз/алсаңыз, қолданба жабылып, деректер жоғалуы мүмкін. Epson компаниясы мұндай жағдайларда орын алатын жойылған деректерді, келген зақымды немесе жойылған табысты қалпына келтіруге міндетті емес.
- * Пайдаланылатын жүйе бағдарламалық жасақтамасына байланысты қолдау көрсетілетін мүмкіндіктер өзгеруі мүмкін. Жүйе бағдарламалық жасақтамасының ең соңғы нұсқасы қолдайтын мүмкіндіктерді келесі веб-сайттан қараңыз. <https://tech.moverio.epson.com/en/>


Режим түрлері

Айналық бейне режимі



Гарнитура мен құрылғыда бірдей экран көрсетіледі.

Сенсорлық тақта режимі



Құрылғының сенсорлы панель дисплейін сенсорлық тақта ретінде пайдаланғыңыз келгенде, осы режимді пайдаланыңыз. Кескіндер тек гарнитурда көрсетіледі.

➔ **"Сенсорлық тақтаны басқару" 30бет**



- Соңғы пернесі сенсорлық тақта режимінде қолжетімді емес.
- Кейбір қолданбалар сенсорлық тақта режимінде іске қосылмайды.

Сенсорлық тақтаны басқару

Сенсорлық тақта режиміне ауыстыру кезінде, құрылғының сенсорлы панель дисплейлі сенсорлық тақта ретінде жұмыс істейді.

Сенсорлық тақтаны саусағыңызбен түрткенде, экранда меңзер көрсетіледі және меңзерді жылжыту арқылы құрылғыны басқаруға болады.

■ Басу

Меңзерді белгішеге немесе дисплей элементіне жылжытып, сенсорлық тақтаны басыңыз. Бұл қолданбаларды іске қосады, элементтерді таңдайды және т.б. әрекеттерді орындайды.



■ Жылжыту

Белгішені немесе дисплей элементін таңдау үшін сенсорлық тақтаны бір секундқа басып тұрыңыз және оны жылжыту үшін саусағыңызды сенсорлық тақтада сүйреңіз. Бұл белгішелерді жылжытады, экранды айналдырады немесе өзгертеді және т.б. әрекеттерді орындайды.



■ Шерту

Саусағыңызды қағазды парақтағандай сырғытыңыз немесе сенсорлық тақтаны екі саусақпен сырғытыңыз.



■ Екі саусақты ажырату

Екі саусақтың алшақтауынан экран көлемі ұлғаяды.



■ Екі саусақтың қосылуы

Екі саусақтың жақындауынан экран көлемі кішірейеді.



MOVERIO Link Pro қолданбасымен таныстыру

"MOVERIO Link Pro" қолданбасы гарнитура үшін әртүрлі параметрлерді орнату мүмкіндігін береді. MOVERIO Link Pro үшін қолжетімді мүмкіндіктер өнім жүйесінің бағдарламалық құрал нұсқасына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Сондай-ақ BT-45C гарнитурасынан басқасы жалғанған кезде пайдалануға болмайтын кейбір мүмкіндіктер бар.

Төменде негізгі ерекшеліктер көрсетілген.

Мүмкіндік	Орнату	Сипаттама
Жарықтықты реттеу	Сырғыту жолағының көмегімен реттеу	Гарнитура экранының жарықтығын реттейді.
Қуат үнемдеу	Қосу/Өшіру	Бұл Қосуды күйіне орнатылғанда, құрылғы экранында операциялар орындалмаса, 10 секундтан кейін экран күңгірттенеді. Сонымен қатар гарнитура 60 секунд не одан артық әрекетсіз болса, экран жабылады.
3D дисплейі	Қосу/Өшіру	Бұл Қосуды күйіне орнатылған болса, гарнитура экраны 3D ретінде көрсетіледі.
Жарықтықты автоматты реттеу	Қосу/Өшіру	Бұл Қосуды күйіне орнатылғанда, гарнитура экранының жарықтығы автоматты түрде қоршаған орта жарықтығына сәйкес реттеледі.
Кескіндерді жасыру үшін түрту	Қосу/Өшіру	Бұл Қосуды күйіне орнатылғанда, гарнитураның сол жағын екі саусақпен екі рет түрткенде бейне тоқтатылады (аудио тоқтатылмайды). Бейнені қайта қосу үшін, сол жағын екі саусақпен екі рет қайта түртіңіз.
Қозғалысты пайдалану ескертуі	Қосу/Өшіру	Бұл Қосуды күйіне орнатылғанда, гарнитураны кию кезінде жылжыту туралы сізге ескерту үшін, гарнитураны жалғағанда қалқымалы ескертпе көрсетіледі.


MOVERIO Link Pro қолданбасымен таныстыру

Мүмкіндік	Орнату	Сипаттама
Көрсету қашықтығы	Сырғыту жолағының көмегімен реттеу	Гарнитура кескіні көрсетілетін қашықтықты реттейді.
Гарнитура аудио шығысы	Гарнитура динамиктері/ Гарнитура құлаққап ұяшығы	Гарнитураға арналған аудио шығысының тағайындалған орнын ауыстырады.
Гарнитура динамиктері үшін дыбыс деңгейін күшейту мүмкіндігін беру	Рұқсат беру/Бас тарту	Гарнитураның динамиктері үшін дыбыс деңгейін күшейту мүмкіндігін пайдалануға рұқсат береді.
Гарнитура динамиктері үшін дыбыс деңгейін күшейтуді басқару	Мәнді көрсету	Гарнитураның динамиктері үшін дыбыс деңгейін күшейту деңгейін өзгертуге рұқсат береді.

Бастапқы іске қосу параметрлері

Лицензияңызды тексеру


Сатып алғаннан кейін, APPS тізім экранында MOVERIO Link Pro белгішесін түрттіңіз. MOVERIO Link Pro лицензиясының келісім экраны көрсетіледі. MOVERIO Link Pro пайдалануыңыздан бұрын, Бағдарламалық жасақтама лицензиясының келісімін оқып шығып, келісім шарттарына келісім беруіңіз керек.



Қолданба авторизацияларын орнату

Лицензия келісіміне келісім бергеннен кейін, мазмұн кестесінен кейін ескерту/сақ болыңыз экранын, содан кейін соңында Қолданба авторизациялары экранын көресіз.

[Параметрлер экраны] түрткенде көрсетілетін экранда MOVERIO Link Pro қолданбасын іске қосыңыз. Бұл параметрді орнатқаннан кейін, Қолданба авторизациялары экранына оралу үшін, құрылғыда АРТҚА пернесін пайдаланыңыз.



MOVERIO Link Pro іске қосу

Гарнитураны қосқанда, бастапқы экран көрсетіледі, сонымен қатар қалқымалы ескертпе гарнитураны кию кезінде жылжу туралы ескертеді. MOVERIO Link Pro қолданбасын іске қосу үшін, [OK] немесе [Жабу] түймесін түртіңіз.

Қолданбаны іске қосқаннан кейін, MOVERIO Link Pro мәзір экранын көрсету үшін, осы құрылғыда экранның жоғарғы жағынан төмен қарай сырғытыңыз. Бұл экранда көптеген параметрлерді орнатуға болады.



Жарықтықты реттеу — **Параметрлер**



Сонымен қатар құрылғының сол жағындағы қосқыш пернесін басу және содан кейін дыбыс деңгейі пернелерін пайдалану арқылы жарықтықты реттеуге болады.



Гарнитураны ажыратқанда, MOVERIO Link Pro қолданбасы жабылады.



Оқулық экранын көрсету үшін, APPS тізім экранындағы MOVERIO Link Pro қолданба белгішесін түртіңіз. Қолданбаны пайдалану әдісі туралы, сонымен қатар әр мүмкіндік туралы мәліметтерді білуге болады.



Қолданбаларды орнату

APK файлын пайдалану арқылы қолданбаларды орнату үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз.

.....

1 SD картасына немесе тікелей VO-IC400N құрылғысына орнату қажет болған қолданбаны (APK файлы) сақтаңыз.



Компьютерді құрылғыға қосу кезінде, оны USB Type-C қосқышына (гарнитура қосылымдары үшін) жалғаңыз.

Содан кейін [USB параметрлері] экранын ашу үшін, құрылғы экранының жоғарғы жағынан төмен қарай сырғытыңыз және келесі параметрлерді орнатыңыз.

- [USB басқару жолы]: [Осы құрылғы]
- [USB пайдалану мақсаты]: [Файл жіберу]

.....

2 APPS тізімі экранында [Файлдар] түртіңіз.

.....

3 Сақталған қолданбаны (APK файлы) түртіңіз.

.....

.....

4 Қолданбаны орнату үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

.....

Жүйенің жаңартулары

Бұл өнім біріктірілген жүйені жаңарту функциясымен бірге беріледі.

Қажет болса, осы құрылғыны пайдаланудан бұрын, жүйе бағдарламалық жасақтамасының ең соңғы нұсқасына жаңартыңыз.

Жүйені жаңарту үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1 Құрылғы интернетке қосылғанын тексеріңіз.

Жүйе бағдарламалық жасақтамасының жаңартуы қолжетімді болғанда, экранның үстіңгі жағында хабарландыру көрсетіледі.

2 Жүйе жаңартуын орындау үшін, [Download] опциясын тандап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



- Құрылғының жүйе бағдарламалық жасақтамасының жаңартуларын тексеру уақытын өзгерткіңіз келсе, төмендегі қадамдарды орындаңыз.

APPS тізім экраны, [⚙️] > [Жүйе] > [Қосымша] > [Жүйенің жаңартылуы] > [Settings] > [Check for Updates]

- Сонымен қатар жүйе бағдарламалық жасақтамасын қолмен жаңартуға болады. APPS тізім экраны, [⚙️] > [Жүйе] > [Қосымша] > [Жүйенің жаңартылуы] > [Check now].

Қолдау көрсету туралы ақпарат

Қолданбаны әзірлеу туралы ақпаратты және осы құрылғының жүйе жаңартуларын алу үшін, келесі веб-сайтқа кіріңіз.

<https://tech.moverio.epson.com/en/>

Техникалық қызмет көрсету

Зарядтау қосқыштарын тазалау

- Осы құрылғыдағы зарядтау қосқыштары кірлеген болса немесе оларда бөгде заттар кептеліп қалған болса, құрылғыны зарядтау немесе дұрыс басқару мүмкін болмауы мүмкін. USB қуат адаптері мен USB кабелін ажыратып, кірді құрғақ шүберекпен немесе мақтамен сүртіңіз. Зарядтау қосқыштарын үнемі тазалап отыруды ұсынамыз (әр үш ай сайын).

Сақ болыңыз

- Зарядтау қосқыштарын саусағыңызбен немесе қатты нысанмен зақымдамаңыз.
- Зарядтау қосқыштарына су тигізбеңіз. Зарядтау қосқыштарын тазалау кезінде құрғақ шүберекті немесе мақтаны пайдаланыңыз.

Ақаулықтарды жою

Өнім дұрыс жұмыс істемеген жағдайда, төмендегідей әрекет етіңіз.


Өнімнің қосылып тұрғанын тексеріңіз.

- Өнімнің толықтай зарядталғанын тексеріңіз.
- Батарея заряды отырған болса, Жарық диодының индикаторы зарядтауды бастамайынша жанбайды. Кемінде 30 минут зарядтап, USB кабелін қайта жалғаңыз.
 - ➔ "Зарядталуда" 19бет
- Қуат түймесін екі секунд басып тұрыңыз. Іске қосыла бастағаннан кейін бастапқы экран көрсетіледі. Толық іске қосылғаннан кейін Басты экран көрсетіледі.
 - ➔ "Қосу" 21бет
- Зарядталмаса не операциялар жауап бермесе, құрылғыны күштеп қайта іске қосу үшін Қуат түймесін кемінде 12 секунд басып тұрыңыз.
 - ➔ "Өшіру" 21бет
- Экран құлпының құпия сөзін ұмытып қалсаңыз,

Erpson немесе жергілікті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Жүйе бағдарламалық жасақтамасын қайта орнату қажет болса, құрылғы сатып алынған уақыттағы күйіне қайтарылады.

- Ұзақ уақыт пайдалану немесе пайдалану ортасы себебінен өнім қызып кетсе, батарея зарядтау тоқтап, өнім қауіпсіздік себептеріне байланысты өшірілуі мүмкін. Температураның төмендеуін күтіп, өнімді қайта іске қосыңыз.

Бейнені көру немесе дыбысты тыңдау мүмкін емес

- Гарнитураңызды бейнелерді көру мүмкін болмаса, Кескіндерді жасыру үшін түрту функциясы іске қосылуы мүмкін. Бұл параметрден босату үшін, гарнитураның сол жағын екі саусақпен екі рет түртіңіз.
- Бейнелер кенет жасырынса, алдын ала орнатылған "MOVERIO Link Pro" қолданбасындағы  ішінде Кескіндерді жасыру үшін түрту және Қуат үнемдеу функциясын өшіріңіз.

- Дыбысын өшіру функциясын байқамай белсендірсеңіз, оны өшіруіңізге болады. Қосқыш құлаққап микрофонының не стандартты құлаққап микрофонының түріне байланысты пайдалана алмауыңыз мүмкін.

Кескіндер бұлыңғыр

- Пайдаланылатын қолданбаны жауып, құрылғыны қайта іске қосыңыз.
- 2D немесе 3D дисплейі көрсетілген кескіндерге сәйкес келмейді.
Алдын ала орнатылған "MOVERIO Link Pro" қолданбасында 2D немесе 3D дисплейлері арасында ауыстырыңыз.

Құрылғыны басқару мүмкін емес

- Қосқыш пернесін басып тұрғанда, пернені құлыптау мүмкіндігі белсендіріліп, құрылғыны басқару мүмкін болмайды. Перне құлпын ашу үшін Қосқыш пернесін қайта басып тұрыңыз.
- Құрылғы ұйқы режиміне енген болуы мүмкін.

Өнімді ұйқы режимінен ояту үшін, қуат түймесін басып дереу жіберіңіз.

Желіге қосылу мүмкін емес

- Өнімді қолданып жатқан жердегі сымсыз LAN (Wi-Fi) желісінің ашық екендігін тексеріңіз.
- Өнімнің желі параметрлері дұрыс екендігін тексеріңіз. Қосымша мәліметтер алу үшін желілік әкімшіңізге хабарласыңыз.

Сипаттамалар

Өнім сипаттамалары

Келесі сипаттамалар 2022 жылдың наурыз айында жарамды. Олардың ескертусіз өзгертілетінін ескеріңіз.

Үлгі нөмірі	BO-IC400N
Сыртқы өлшемдер	Е 55 x Д 110 x Б 23 мм (2,16 x 4,33 x 0,90 дюйм) (шығыңқы бөлшектерін қоспағанда)
Салмағы	шамамен 180 г (6,35 унция)
Процессор	Qualcomm® Snapdragon XR1
ОЖ	Android™ 10
Сенсорлы панель дисплейі	2,95 дюйм, 480 x 854, AF төсемі бар мультитач сыйымдылықты жүйесі
Оперативті жады	4 ГБ
Жад	64 ГБ
Сыртқы жад	microSD (ең көбі 2 ГБ), microSDHC (ең көбі 32 ГБ), microSDXC (ең көбі 2 ТБ)
Жұмыс температурасы	5 - 35°C (41 - 95°F), ылғалдығы 20 - 80% (конденсациясыз)
Сақтау температурасы	-10 - 60°C (14 - 140°F), ылғалдығы 10 - 90% (конденсациясыз)
Номиналды шығыс кернеу/ток	5 В/2 А
Батарея	3,8 В (литий-полимер), 3400 мАс, 13 Вт/сағ
Зарядтау уақыты	Шамамен 3 сағат (құрылғы өшірулі болғанда 5 В/2 А қуат адаптерінің көмегімен USB Type-C қосқышы (гарнитура қосылымдары үшін) арқылы зарядтау кезінде)

Камера		Шамамен 13 миллион пиксель, CMOS 1/3,06 дюйм, автофокусы және жарқыл жарық диоды бар
Жиілік жолағы		IEEE802.11 a/b/g/n/ac, 2 x 2 қос жолақты, шифрлау (WEP/WPA/WPA2)
Bluetooth	Стандарт	ver5.0
	Профильдер	Bluetooth Classic (A2DP 1.3/AVRCP 1.3/HSP 1.2/HID 1.0/PAN PANU/PAN NAP/OPP 1.2.1/SPP), Bluetooth LE (SCPP/HOGP)
Қолдау көрсетілетін бейне пішімдері		MPEG-2, MPEG-4, H.263, H.264, H.265 (HEVC), VP8, VP9
Қолдау көрсететін кескін пішімдері		BMP, GIF, JPEG, PNG, WebP, HEIF
Қолдау көрсететін аудио форматтар		AAC, HE-AAC, AMR, FLAC, MP3 (8 - 320 кбит/сек) CBR/VBR, Vorbis, WAV, Opus
Жерсеріктік навигация жүйесі		GPS/GLONASS/Galileo/QZSS/BDS
Шаң және су өткізбейді		IP52
Коннектор порттары		USB Type-C қосқышы (гарнитура қосылымдары үшін), USB Type-C қосқышы (қақпағы бар) ➔"USB Type-C қосқышы мүмкіндіктері" 42бет
Аудио		Микрофон, қабылдағыш, динамик (0,5 Вт), 3,5 мм аудио ұяшығы (СТИА стандартына сәйкес келетін микрофоны бар құлаққаптар)*
Пайдаланушы интерфейсі		Қуат түймесі, Дыбыс деңгейі пернелері, АРТҚА пернесі, БАСТЫ БЕТ пернесі, Соңғы пернесі, Қосқыш пернесі
Датчиктер		Геомагниттік датчик, жылдамдатқыш датчигі, гироскоптық датчик, қоршаған орта шамы датчигі, жақындық датчигі

* Адаптер тығынын қолданған кезде жұмыс шектеулері пайда болуы мүмкін.

USB Type-C қосқышы мүмкіндіктері

	USB Type-C қосқышы (гарнитура қосылымдары үшін)	USB Type-C қосқышы (қақпағы бар)
Бейне шығыс (DP Alt режимі үйлесімді)	✓	-
Зарядталуда	✓	✓
USB 2.0 деректер тасымалы	✓	✓ *
USB 3.0 деректер тасымалы	✓	-

* USB Type-C қосқышына (қақпағы бар) тінтуір, пернетақта, USB флэш жады немесе жылжымалы батарея сияқты құрылғылар ғана қосылады. Компьютер сияқты хост құрылғысын USB Type-C қосқышына (гарнитура қосылымдары үшін) қосыңыз.



Бір уақытта екі USB Type-C қосқышын пайдалану кезінде, алдымен USB Type-C қосқышына (гарнитура қосылымдары үшін) қосуыңыз керек.

Интеллектуалдық меншік құқықтары

"EPSON" – Seiko Epson Corporation компаниясының тіркелген сауда белгісі. "EXCEED YOUR VISION" және оған байланысты логотипі — Seiko Epson Corporation компаниясының тіркелген сауда белгілері немесе сауда белгілері.



microSD логотипі, microSDHC логотипі, microSDXC логотипі — SD-3C, LLC компаниясының сауда белгілері.

Wi-Fi® және Miracast™ — Wi-Fi Alliance компаниясының сауда белгілері.

Bluetooth® мәтіндік сауда белгісі және логотипі Bluetooth SIG, Inc. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып, Seiko Epson Corporation компаниясы лицензия бойынша осы белгілерді пайдаланады.

USB Type-C™ – USB Implementers Forum ұйымының сауда белгісі.

Google және Android — Google LLC компаниясының сауда белгілері.

Бұл өнім OMRON SOFTWARE Co., Ltd. компаниясының iWnn IME құрылғысымен жабдықталған.

iWnnIME© OMRON SOFTWARE Co., Ltd. 2022 Барлық құқығы қорғалған.

ACCESS NetFront™ Browser BE

Бұл өнім ACCESS CO., LTD. компаниясының NetFront браузерімен жабдықталған.

ACCESS, ACCESS логотипі және NetFront — ACCESS CO., LTD. компаниясының Жапониядағы, АҚШ-тағы және/немесе басқа елдер мен аймақтардағы сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

© 2022 ACCESS CO., LTD. All rights reserved.

Мұнда пайдаланылған басқа өнім атаулары тек идентификациялау мақсатында берілген және тиісті иелерінің сауда белгілері болуы мүмкін. Epson компаниясы ол белгілердегі кез келген және барлық құқығынан бас тартады.

ЕРКІН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА ЛИЦЕНЗИЯСЫ

Бағдарламалық жасақтамасына Epson компаниясы иелік етеді, сонымен қатар бұл өнім ашық бастапқы бағдарламалық жасақтаманы пайдаланады. Келесілер осы өнімде пайдаланылатын ашық бастапқы бағдарламалық жасақтама туралы ақпаратты қамтамасыз етеді.

1. Әр бағдарламаның лицензия шарттарына сәйкес бұл өнімнің еркін бағдарламалық жасақтама бағдарламалары бар. Ашық бастапқы бағдарламалық жасақтама бағдарламалары кепілдіксіз болып табылады; дегенмен, бұл өнімде орын алатын кез келген жаңылыс (ашық бағдарламалық жасақтама бағдарламалары себеп болған жаңылыстарды қоса) осы өнім үшін қамтамасыз етілген кепілдік шарттарына әсер етпейді.
2. Кейбір ашық бастапқы бағдарламалық жасақтама бағдарламаларының кодын қамтамасыз етеміз. Жоғарыда айтылған бастапқы бағдарламаны алғыңыз келсе, "<http://www.epson.com>" сайтына кіріп, сіз тұратын ауданның тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз. Бұл өнім тоқтағаннан бастап 5 жылға дейін бастапқы кодпен қамтамасыз етеміз. Әрбір еркін бағдарламалық жасақтаманың лицензия шарттарына сәйкес әрекет етуіңіз қажет.
3. Еркін бағдарламалық жасақтамалардың ЕШҚАҢДАЙ КЕПІЛДЕМЕСІ БОЛМАЙДЫ; тіпті, БЕЛГЛІ БІР МАҚСАТ ҮШІН ТАУАР ЖАРАМДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ СӘЙКЕСТІГІ туралы кетілдік те болмайды. Толық мәлімет алу үшін әрбір еркін бағдарламалық жасақтаманың лицензия келісімдерін қараңыз, олар өнімде көрсетіледі.
4. APPS тізім экранындағы  түймесін түртіп, содан кейін [Телефон туралы] > [Заңды ақпарат] > [Үшінші тараптық лицензиялар] тармағына өту арқылы лицензиялық келісімнің толық мәтінін оқып шығыңыз.

Жалпы ескертпелер

Сатып алуға болатын, үшінші тарап құрылғыларына қосылу кезіндегі ескертпелер.

Сатып алуға болатын, үшінші тарап құрылғыларына қосылуды кепілдендірмейтімізді ескеріңіз. Сатып алуға болатын, үшінші тарап құрылғыларына қосылу кезінде, Epson компаниясы мұндай жағдайларда деректердің жойылуына, деректердің зақымдалуына немесе пайданың жоғалуына жауапты болмайды.

Сымсыз LAN желісіне қатысты ескертпелер

Францияда сымсыз LAN функциясын тек жабық ғимараттарда пайдаланыңыз. Бұл өнімді Солтүстік Америка және Тайвань елдерінен тыс жерде сатып алсаңыз, бұл өнімнің сымсыз LAN электромагниттік толқындары 1-13 аралығындағы арналарда таратылады. Сондықтан, сымсыз LAN функциясын Солтүстік Америкада және Тайваньда пайдаланбаңыз, бұл елдерде "Сымсыз радиобайланыс" заңнамасы бойынша сымсыз LAN арналары 1-11 аралығында шектелген. Басқа аудандарда пайдаланған кезде жергілікті заңға және нормативтік актілерге сәйкес әрекет етіңіз.

"Сымсыз радиобайланыс" заңнамасының ережелері

Төмендегі әрекеттер "Сымсыз радиобайланыс" заңнамасы тарапынан тыйым салынған.

- Өзгерту және бөлшектеу (антеннаны қосқанда)
- Сәйкестік жапсырмасын алып тастау
- Сыртта 5 ГГц жиілік диапазонының LAN пайдалану

Пайдалану шектеулері

Бұл өнім сатылатын елдің сипаттамалары негізінде өндіріледі. Өнімді сатылатын елден тыс жерлерде пайдаланғанда, жақын арадағы қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Осы жүйелердің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында осы өнім апаттық жағдайдың алдын алу жабдығы және ұшақ, пайыз, кеме, автокөлік және т.б. сияқты техникаларды басқарумен тікелей байланысты әртүрлі қауіпсіздік құрылғыларында жоғары сенімділікті, қауіпсіздікті және т.б. қажет ететін қолданбалар үшін пайдаланылса, өнімді пайдалану кезінде ақаулардың алдын алу және балама шешімдерді қарастыру сақтық шаралары сияқты толық жүйе қауіпсіздік құрылымдарын есепке алуды сұраймыз. Бұл өнім ғарыштық жабдықтар, магистральді жол байланысы жабдықтары, ядролық энергияны басқару жабдықтары, медициналық жабдықтар және т.б. сияқты жоғары сенімділік пен қауіпсіздікті талап ететін қолданбаларда пайдаланылуға арналмағандықтан, бұл өнімнің осы қолданба түрлері үшін үйреспімділігін қарастыруды сұраймыз.

Техникалық стандартқа сәйкестілік сертификаты сияқты белгілер (техникалық сәйкестілік белгілері)

APPS тізім экранында [] түрту және содан кейін [Телефон туралы] > [Нормативтік белгілер] тармағын таңдау арқылы техникалық сәйкестілік белгілерін тексеруіңізге болады.

Жілік туралы ескертпелер

Бұл өнім зауытта өндіру желілерінде пайдаланылатын микротолқынды пештер және ұялы байланыс нысанын анықтау (RF-ID) жүйелері (лицензиясы бар радио станциялар, әуесқой және лицензиясы жоқ радио станциялар т.б.) сияқты өнеркәсіптік, ғылыми және медициналық құрылғыларда бірдей жілік жолағында жұмыс істейді.

1. Бұл өнімді қолданбас бұрын, жақын жерде қолданылатын "басқа станциялардың" жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.
2. Егер бұл құрылғы басқа станциялар мен құрылғы арасында радио жілік кедергісіне себеп болса, орныңызды өзгертіңіз, құрылғыны пайдалануды тоқтатып, кедергінің алдын алу туралы кеңес алу үшін жергілікті дилерге хабарласыңыз.
3. Сонымен қатар құрылғы мен "басқа станциялар" арасында зиянды радио толқынды кедергілер пайда болғанда, жергілікті дилерге хабарласыңыз.

Сақ болыңыз

- (1) Алдын ала рұқсат сұрамай осы нұсқаулықты толықтай немесе белгілі бір бөлігін қайта басып шығаруға сыйым салынады.
- (2) Бұл нұсқаулықтың мазмұны ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
- (3) Бұл нұсқаулықты жасауда ерекше назар аударылған; дегенмен сұрақтарыңыз болса немесе осы нұсқаулықта қателерді, қалдырылған мәліметтерді және т.б. Байқасаңыз, тікелей бізге хабарласыңыз.
- (4) 3-пунктке қарамай, осы өнімді пайдалану нәтижесі үшін жауапкершілікті қабылдамаймыз.
- (5) Осы нұсқаулықтың мазмұнын елемей нәтижесінде, осы өнімнің тиісті мақсатта пайдаланылмауы немесе Erpson компаниясынан немесе Erpson компаниясы мақұлдаған компаниядан басқа үшінші тарап орындаған жөндеулер не өзгертулер нәтижесінде орын алатын зақымдар немесе ақаулықтар және т.б. үшін жауапкершілікті мойындамаймыз ("Байланыс ақпараты" бөлімін қараңыз).
- (6) Нағыз Erpson өнімдерінен немесе Erpson кепілдендірген өнімдерден басқа қосалқы бөлшектерді, шығын материалдары немесе ауыстыру бөлшектерін орнату себебінен орын алатын ақаулар үшін жауапкершілікті мойындамаймыз.
- (7) Бұл нұсқаулықта пайдаланылған суреттер мен скриншоттар нақты құрылғыдан немесе скриншоттардан өзгеше болуы мүмкін.

CE
СӘЙКЕСТІК ТУРАЛЫ
МӘЛІМДЕМЕ



WLAN функциясының мақсаты - 2,4 ГГц кіру нүктесіне қосылу.




Indication of the manufacturer and the importer in accordance with requirements of EU directive





Manufacturer: SEIKO EPSON CORPORATION
Address: 3-5, Owa 3-chome, Suwa-shi, Nagano-ken 392-8502 Japan
Telephone: 81-266-52-3131
<http://www.epson.com/>




Importer: EPSON EUROPE B.V.
Address: Atlas Arena, Asia Building Hoogoorddreef 5, 1101 BA Amsterdam Zuidoost
The Netherlands
Telephone: 31-20-314-5000
<http://www.epson.eu/>


Қауіпсіздік таңбаларының тізімі және нұсқаулар

Келесі кестеде жабдықта белгіленген қауіпсіздік таңбаларының мағынасы келтіріледі.

Нөмірі	Таңба белгісі	Бекітілген стандарттар:	Сипаттама
1		IEC60417 No.5007	"ҚОСУЛЫ" (қуат) Қуат көзіне жалғаулы екенін көрсету үшін.
2		IEC60417 No.5008	"ӨШІРУЛІ" (қуат) Қуат көзінен ажыратылғанын көрсету үшін.
3		IEC60417 No.5009	Күту Күту жағдайына әкелу үшін жабдықтың қай бөлігі қосулы екені арқылы қосқышты немесе қосқыш күйін анықтау үшін.

Нөмірі	Таңба белгісі	Бекітілген стандарттар:	Сипаттама
4		ISO7000 No.0434B IEC3864-B3.1	Сақ болыңыз Өнімді пайдалану кезінде жалпы сақтандыруды анықтау үшін.
5		IEC60417 No.6042 ISO3864-B3.6	Абай болыңыз, ток соғу қаупі Жабдықтың ток соғу қаупі бар екенін анықтау үшін.
6		IEC60417 No.5957	Тек бөлме ішінде қолдануға арналған Электр жабдықтың тек көбіне бөлме ішінде қолдануға арналғанын анықтау үшін.
7		IEC60417 No.5926	Тұрақты қуат қосқышының кереғарлығы Тұрақты қуат қосқышының қосылуы мүмкін жабдық бөлігіндегі оң және теріс қосылымдарды (кереғарлық) анықтау үшін.

Нөмірі	Таңба белгісі	Бекітілген стандарттар:	Сипаттама
8		IEC60417 No.5017	Жер Жерге қосуға арналған терминалды анықтау үшін.
9		IEC60417 No.5032	Айнымалы ток Техникалық деректер тақтасында жабдықтың тек айнымалы токқа сәйкес екендігін көрсету; сәйкес терминалдарды анықтау үшін.
10		IEC60417 No.5031	Тікелей ток Техникалық деректерді қамтитын тақтайшада жабдықтың тек тура ток әсеріне жарайтынын көрсету үшін; сәйкес клеммаларды анықтауға арналған.

Нөмірі	Таңба белгісі	Бекітілген стандарттар:	Сипаттама
11		IEC60417 No.5172	II класты жабдық Жабдықтың IEC 61140 стандартына сәйкес II класты жабдыққа арналған қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетіндігін анықтау үшін.
12		ISO 3864	Жалпы тыйым Тыйым салынған әрекеттер немесе операцияларды анықтау үшін.
13		ISO 3864	Жанасу тыйымы Жабдықтың белгілі бір бөлшектеріне жанасудан туындайтын жарақаттарды көрсету үшін.
14		IEC60417 No.5266	Күту режимі, жартылай күту режимі Жабдықтың бір бөлігі дайын күйде екенін көрсету үшін.

Epson проекторының контактілер тізімі

Мекен-жай тізімі 2022-жылдың сәуір айында жаңартылған.

Жаңартылған байланыстар тізімін осы жерде берілген веб-сайттан алуға болады. Өзіңізге қажетті ақпаратты бұл парақшалардан таба алмасаңыз, Эпсон компаниясының веб-сайтының негізгі парақшасын қараңыз: www.epson.com.

EUROPE, MIDDLE EAST & AFRICA

ALBANIA

ITD Sh.p.k.

<http://www.itd-al.com>

AUSTRIA

Epson Deutschland GmbH

<https://www.epson.at>

BELGIUM

Epson Europe B.V.

Branch office Belgium

<https://www.epson.be>

BOSNIA AND HERZEGOVINA

NET d.o.o. Computer Engineering

<https://netcomp.rs>

BULGARIA

Epson Service Center Bulgaria

<http://www.kolbis.com>

CROATIA

MR servis d.o.o.

<http://www.mrservis.hr>

CYPRUS

A.T. Multitech Corporation Ltd.

<http://www.multitech.com.cy>

CZECH REPUBLIC

Epson Europe B.V.

Branch Office Czech Republic

<https://www.epson.cz>

DENMARK

Epson Denmark

<https://www.epson.dk>

ESTONIA

Epson Service Center Estonia

<https://www.epson.ee>

FINLAND

Epson Finland

<https://www.epson.fi>

FRANCE & DOM-TOM TERRITORY

Epson France S.A.

<https://www.epson.fr>

Epson проекторының контактілер тізімі

GERMANY

Epson Deutschland GmbH
<https://www.epson.de>

GREECE

Info Quest Technologies S.A.
<https://www.infoquest.gr>

HUNGARY

Epson Europe B.V.
Branch Office Hungary
<https://www.epson.hu>

IRELAND

Epson (UK) Ltd.
<https://www.epson.ie>

ISRAEL

Epson Israel
<https://www.epson.co.il>

ITALY

Epson Italia s.p.a.
<https://www.epson.it>

KAZAKHSTAN

Epson Kazakhstan Rep. Office
<http://www.epson.kz>

LATVIA

Epson Service Center Latvia
<https://www.epson.lv>

LITHUANIA

Epson Service Center Lithuania
<https://www.epson.lt>

LUXEMBURG

Epson Europe B.V.
Branch office Belgium
<https://www.epson.be>

NORTH MACEDONIA

Digit Computer Engineering
<http://digit.net.mk/>

NETHERLANDS

Epson Europe B.V.
Benelux sales office
<https://www.epson.nl>

NORWAY

Epson Norway
<https://www.epson.no>

POLAND

Epson Europe B.V.
Branch Office Poland
<https://www.epson.pl>

PORTUGAL

Epson Ibérica S.A.U.
Branch Office Portugal
<https://www.epson.pt>

ROMANIA

Epson Europe B.V.
Branch Office Romania
<https://www.epson.ro>

RUSSIA

Epson CIS
<http://www.epson.ru>

UKRAINE

Epson Kiev Rep. Office
<http://www.epson.ua>

SERBIA

Nepo System d.o.o.
<https://neposystem.rs>
AIGO Business System d.o.o.
Beograd
<https://aigo.rs>

SLOVAKIA

Epson Europe B.V.
Branch Office Czech Republic
<https://www.epson.sk>

SLOVENIA

Birotehna d.o.o.

<http://www.birotehna.si>

SPAIN

Epson Ibérica, S.A.U.

<https://www.epson.es>

SWEDEN

Epson Sweden

<https://www.epson.se>

SWITZERLAND

Epson Deutschland GmbH

Branch office Switzerland

<https://www.epson.ch>

TURKEY

Tecpro Bilgi Teknolojileri Tic.

ve San. Ltd. Sti.

<http://www.tecpro.com.tr>

UK

Epson (UK) Ltd.

<https://www.epson.co.uk>

AFRICA

<https://www.epson.co.za>

or

<https://www.epson.fr>

SOUTH AFRICA

Epson South Africa

<https://www.epson.co.za>

MIDDLE EAST

Epson (Middle East)

<https://www.epson.ae>

NORTH AMERICA

CANADA

Epson Canada, Ltd.

<https://epson.ca>

U. S. A.

Epson America, Inc.

<https://epson.com/usa>

ASIA & OCEANIA

AUSTRALIA

Epson Australia Pty. Ltd.

<https://www.epson.com.au>

CHINA

Epson (China) Co., Ltd.

<https://www.epson.com.cn>

HONG KONG

Epson Hong Kong Ltd.

<https://www.epson.com.hk>

INDIA

Epson India Pvt., Ltd.

<https://www.epson.co.in>

INDONESIA

PT. Epson Indonesia

<https://www.epson.co.id>

JAPAN

Seiko Epson Co.

<https://www.epson.jp>

KOREA

Epson Korea Co., Ltd.

<http://www.epson.co.kr>

MALAYSIA

Epson Malaysia Sdn. Bhd.

<https://www.epson.com.my>

NEW ZEALAND

Epson New Zealand

<https://www.epson.co.nz>

PHILIPPINES

Epson Philippines Co.

<https://www.epson.com.ph>

SINGAPORE

Epson Singapore Pte. Ltd.

<https://www.epson.com.sg>

TAIWAN

Epson Taiwan Technology & Trading Ltd.

<https://www.epson.com.tw>

THAILAND

Epson (Thailand) Co.,Ltd.

<https://www.epson.co.th>
